



“№2 Бадамша орта мектебі”

Тақырыбы: Табиғи құбылыстардың көп түрлілігі, жарық бөліп шығару құбылысы, жылу құбылысы, айналамыздағы дыбыстық құбылыстар, электрлік және магниттік құбылыстар.

Орындаған: Жакипова.А.С.

Бадамша 2016 жыл

Барометр – атмосфералық қысымды өлшеу үшін қолданатын құрал.

Исаак Ньютон – ағылшын ғалымы, осыдан 300 жыл бұрын Бүкіләлемдік тартылыс Заңың ашты. Тартылыс күші Күн жүйесіндегі ғаламшарларды Күннің айналасында өз орбиталарында ұстап тұр.

Майонез – бұл тағам түрін біз күнделікті өмірде асымызға қолданамыз, ал бірақ оның қандай зат екеніне назар аудармаймыз, майонез – бұл қоспа себебі оның құрамында – май, уксус, сарыуз бар.

Стаканға құйылған су және гуаш – Ішінде суы бар ыдысқа бір тамшы гуаш құйып, аралартырсақ, гуаш тез арада сумен араласып ыдыстағы суды лезде белгілі бір түске өзгертеді. Себебі гуаштың құрамындағы молекулалар ұдайы қозғалыста болғандықтан тез араласып кетеді

Кроссовки – үйкеліс күшінің көрінісі, үйкеліс күші кез келген дененің қозғалуын тежейді немесе тоқтатады, үйкеліс күшін кейбір кездерде арттыру қажет мысалы кроссовки адам тағанамау үшін және спортқа ынғайлы болу үшін оның табаның белгілі бір заттан кедір-бұдыр етіп жасайды, ал кейде үйкеліс күшін азайту қажет болады мысалы жұмыс істеп тұрған машинаның тетіктері шыдамды болуы үшін оны майлап тұру қажет.

Таразы – салмақты өлшеу үшін қолданылады, ол біздің күнделікті өмірімізде өте қажет, Масса бірлігіне килограмм пайдаланылады.

Парта – бұл дене, физикалық дене дегеніміз –бізді қоршаған дүние (үй, жиһаз, ойыншықтар және т.б.), ал зат дегеніміз – физикалық дененің құрамдас бөліктері, мысалы физикалық денеміз парта болса, оның құрамдас бөліктері яғни заты – бұл ағаш және темір.

Жаңа сабақ

Бұл құбылыстың көздері табиғи және жасанды болып екіге бөлінеді, бұл қандай құбылыс?

Ал табиғи және жасанды жарық көздерін кім маған ажыратып береді ?

(Табиғи жарық көзі: күн, ай, жұлдыздар, кейбір жануарлар, кемпірқосақ, таң шапағы.

Жасанды жарық көзі: алау, шам, электр лампы)

Ең күшті жарық көзі? (Күн)

Көз гигиенасы жайлы не айтасындар? (Көздің көру шамасының өзгеруі әр түрлі жағдайлардан болады. Жарақат алу, инфекция, жарықтың шамадан аз және көп болуы, жүріп келе жатқан көлік ішінде немесе жатып оқу және т.б. Көзді зақымданудан сақтау үшін гигиеналық ережелерді сақтау керек.)

Ал енді біз «иә - жоқ» ойның ойнаймыз, сендердің алдарында кестеде ұғымдар жазылған ізінде иә - жоқ деген бағандар бар, егер келіссендер иә, ал егер келіспесендер жоқ бағаның белгілендер

№		ИӘ	ЖОҚ
1	Жер бетіндегі ең күшті жарық көзі - КҮН		
2	Табиғи жарық көздері: ай, күн, алау, электр лампы		
3	Жасанды жарық көздері: алау, шам, электр лампалары		
4	И.Ньютон тәжірибе жасап ақтүстің күрделі екендігін дәлелдеді		
5	Жүріп келе жатқан көлік ішінде кітап оқуға болады		
6	Кемпірқосақта негізгі 7 түс бар		
7	Жарық шығаратын жануарлар бар		
8	Адамның жарықты қабылдау органы – көз		

Айналамыздағы дыбыстық құбылыстар

Негізгі есту органы – құлақ (Дыбыс құбылысы)

Құлақ гигиенасы: (Құлақты сіріңкемен және тағы басқа үшкір нәрселермен тазалауға болмайды. Ол үшін дүкендерде арнайы ұшына мақта оратылған пластмасса таяқшалармен не болмаса сіріңкеге мақта орап, құлақтың ішіндегі жұқа пердені тесіп алмай тазалау қажет. Сонымен бірге қатты айқай-шудан сақтану керек (магнитофон, теледидар, қала және зауыт-фабрикалардың шуылы).)

Адамның есту қабілетін жақсарту үшін не істеу қажет: (Адамның есту қабілетін жақсарту үшін жақсы және даусы жай шығып тұрған музыка тыңдау керек және музыкалық аспаптарда ойнағанда пайдалы. Табиғат аясында құстардың, жануарлардың даусын тыңдап оларды ажырата білген жөн).

Ал ендігі кезекте біз сендермен «Қатені тап» ойның ойнауымыз. Сендерге сөйлемдер берілген, осы сөйлемдердің ішінен сендер қате ұғымды тауып сызып тастайсындар.

«Қатені тап»

1. Жүз рет көргенше, бір рет естіген артық
2. Табиғат көптеген дыбыстардан тұрады.
3. Адамдардың сөйлеуі, құстардың сайраған әні, желдің гуілі, сағаттың соғуы – дыбыстар.
4. Негізгі есту органы – құлақ.
5. Құлақты сірінкемен тазалауға болады.
6. Зымыранның ұшу кезіндегі дыбыстық күші – 14-19 дБ.
7. Найзағайдың шығарған дыбысы 100 дБ.
8. Адам құлағының ең төменгі дәрежесіндегі қабылдау мүмкіншілігі – 10 дБ.
9. Айқай – 140 дБ.

Жылу құбылысы

Оның көрсеткіші температура ал температураның өлшем бірлігі градус: (жылу)

Жылу және термометр: (Жылу – энергияның белгілі бір пішіні. Мысалға Күн тек жарық берумен шектелмейді, жылуды да бөліп шығарады. Жылу бөлу көрсеткішін оның температурасынан білеміз. Температураны градуспен – арнайы термометр деген құралмен өлшейміз.)

Ақ және қара түс: (Түсіне қарай да жылу біркелкі қабылдана бермейді. Мысалға: қара түс жылуды жақсы қабылдайды, ақ, жылтыраған түстер - өте аз қабылдайды. Сол себепті де оңтүстіктегі климаты ыстық аудандардың тұрғындары ақ түсті киім киеді. Антарктида материгі мәңгі мұздықтармен жамылғандықтан күн сәулесінен бөлінетін жылуды қабылдамайды. Себебі, қар және мұздың түсі ақ және жылтыр болғандықтан түскен сәулені шағылыстырып отырады. Соған сай климаты өте суық болып келеді.)

«Кері кроссворд»


1

2

3

4

5



Метеорологиялық

Жауыш-шашынның түсуі бұл (метеорологиялық құбылыс)

Метеорологиялық құбылыс дегеніміз не?

(Метеорологиялық құбылыс бұл – жауын-шашынның түсуі, желдің бағыты, жылдамдығы, температурасының және ауа қысымының өзгеруі.)

Ауа райы дегеніміз не? (Ауарайы дегеніміз – белгілі бір жердегі тәулік ішіндегі болатын атмосфераның төменгі қабатының жағдайы. Ауа райының негізін ауа температурасы, бұлттылық, жауын-шашын, қысым, және жел құрайды.)

Ал енді біз сендермен «Сәйкестендір» ойның ойнаймыз, сендердің парақтарында ұғымдар екі бағанға бөлінге, осы бағандар арасында сызықша арқылы сәйкес ұғымдарды бір-бірімен жалғастырасындар.

«Сәйкестендір»

Гидрометеорология

Ауа метеоры

Алғашқы
метеорологтар

«Метеорология» кітабы

Барометр

Жарық метеоры

Отты метеор

Балгерлер, шамандар.

Э.Торричелий

Жел

Кемпірқосақ, сағым

Найзағай

Жаңбыр, бұршақ, тұман

Аристотель

Электрлік және магниттік

Теледидар, таңызтқыш, радио қандай құбылысқа байланысты жұмыс істейді? (электро-магниттік)

Фалес Милетский (Ежелгі Грек зерттеушісі Фалес Милетский электрлену құбылысын зерттеп оған электрлену деген атау берген.)

Электр тогы (Кез келген нәрсе электрленген жағдайда электр өрісін (заряд) қабылдайды. Электр өрісі тек қана жиналып қоймай, белгілі бір бағытта қозғала алады. Денедегі электр өрісінің айналымға түсуін электр тогы деп атайды.)

Жасанды және табиғи магниттер жайлы не айтасындар: Табиғи магниттер – темір тұдасы- магнитті темір жатады.

Қазақстанда Соколов-Сарыбай, Қашар, Лисаков кен орындары.

Жасанды магниттер – болатты және басқа да балқыған металдарды электр тогы жіберу немесе магниттеу арқылы алады.



Қосымша жұмыстар:

- Суреттермен жұмыс, оқушылар әр суреттің мағынасын түсіндіріп берулері қажет.
- Керекті сөздер: бұл осы тақырыптар бойынша оқушыларға керекті, жаңа сөздер.

Керекті сөздер.

Акустика – дыбыс туралы ұғым.

Барометр – қысымды өлшейтін құрал.

Метеорология – атмосфералық құбылыстарды зерттейтін ғылым.

Оптика – жарық құбылыстарын зерттейтін ғылым.

Температура – белгілі бір дене немесе заттың қаншалықты ыстық немесе суық екендігінің шамасы.

Термометр – температураны өлшейтін құрал

Үйкеліс – қозғалысқа түскен кез келген дененің жылдамдығын тежейтін күш.

Фокус – линза немесе қисық айна сәулелерінің бір жерге түйіскен нүктесі.

Химиялық реакция - әр түрлі заттар атомының бірігуі нәтижесінде жаңа заттын пайда болуына әсер еткен процесс.

Химия – заттардың түрлерін зерттейтін ғылым.

- Шағын эссе: «Табиғат құбылыстары.»